



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



СУЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ

«ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ

МАТЕРИАЛДАРЫ

СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ
РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО
ОБРАЗОВАНИЯ»



УДК 378 (094)
ББК 74.58
Қ 22

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі; / Председатель Правления – Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, доктор географических наук, член Академии Педагогических Наук Казахстана;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор / проректор по исследованиям, инновациям и цифровизации Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор;

Хуснутдинова Ляйля Гельсовна, тарих ғылымдарының кандидаты, «Мәскеу политехникалық университеті» Федералды мемлекеттік автономды жоғары білім беру мекемесінің доценті, Ресей / кандидат исторических наук, доцент Федерального государственного автономного образовательного учреждения высшего образования «Московский политехнический университет», Россия;

Сухов Михаил Васильевич, техника ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік- Орал мемлекеттік университетінің (ООМУ) доценті, Челябині, Ресей/кандидат технических наук, доцент Южно-Уральского государственного университета (ЮУрГУ), г. Челябинск, Россия;

Радченко Татьяна Александровна, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі / магистр естественных наук, заведующая кафедрой «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Алимбаев Алибек Алпысбаевич, PhD докторы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а. / доктор PhD, и.о.ассоциированного профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Телегина Оксана Станиславовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы / старший преподаватель кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Шумейко Татьяна Степановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының м.а. / кандидат педагогических наук, и.о. профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова

Қ 22

«Қазіргі білім беруді дамытудың өзекті мәселелері»: «СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ-2023» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2023 жылдың 15 наурызы. Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 427 б.

«Актуальные вопросы развития современного образования»: Материалы международной научно-практической конференции «СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ-2023», 15 марта 2023 года. Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 427 с.

ISBN 978-601-356-257-5

«Сұлтанғазин оқулары-2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының «Заманауи білім беруді дамытудың өзекті мәселелері» жинағында жаратылыстану-ғылыми білім берудің мәселелері мен болашағына арналған ғылыми мақалалар жинақталған, жалпы және кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған, педагогикалық білім берудің ақпараттандыру және дамытудың қазіргі тенденциялары мен технологиялары мәселелері қозғалады.

Осы жинақтың материалдары ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, магистранттар мен студенттерге пайдалы болуы мүмкін.

В сборнике Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения-2023» «Актуальные вопросы развития современного образования»: представлены научные статьи по проблемам и перспективам естественно-научного образования, рассматриваются психолого-педагогические аспекты общего и профессионального образования, затронуты вопросы информатизации и современных тенденций и технологий развития педагогического образования.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям высших учебных заведений, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-257-5



9|786013|562575|

УДК 378 (094)
ББК 74.58

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Аралбаева Айзат Фаниқызы, п.ф.магистрі, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ, Қазақстан

Серік Нұрай Лесбекқызы, 4 курс студенті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ, Қазақстан, E-mail: lesbekkyzy.n@mail.ru

Аңдатпа

Ұсынылған мақалада көркем шығарма материалдары бастауыш сыныптардың әрбір пән мазмұнына енгізіліп, оқушылардың даму ерекшеліктеріне сәйкес жіктелсе, тиімді әдіс қолданылса, онда көркем шығармаларды оқытуда тиімді әдіс тәсілдер қолдану арқылы оқушыларға сапалы білім беруге негіз болады.

Түйінді сөздер: көркем шығарма, мысал, мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, өлең, батырлар жыры, шешендік сөздер, жаңылтпаш, жұмбақтар.

Аннотация

В представленной статье материалы художественного произведения включены в содержание каждого предмета начальных классов, классифицированы в соответствии с особенностями развития учащихся, применен эффективный метод, то при обучении художественным произведениям эффективный метод служит основой для качественного обучения учащихся.

Ключевые слова: художественное произведение, пример, пословица, загадка, сказка, стихотворение, песня героев, красноречие, заблуждение, загадки.

Annotation

In the presented article, the materials of the artwork are included in the content of each primary school subject, classified according to the peculiarities of the development of students, an effective method is applied, then when teaching artistic works, an effective method serves as the basis for high-quality teaching of students.

Keywords: artwork, example, proverb, riddle, fairy tale, poem, song of heroes, eloquence, delusion, riddles.

Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру сапасын түбегейлі жақсартуда ұстаздарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Бұл сабақ сапасын жаңа деңгейге көтеретін тиімді әдіс-тәсілдер мен оқытудың әдіс-тәсілдерін тынымсыз ізденуден аңғарылады. Жас ұрпақтың рухани дүниесін, қиялын білім нұры мен нұрландыратын бірінші тұлға – бастауыш сынып мұғалімі. Жас оқушылар оқу, жазу, ойлау дағдыларын бірінші мұғалімнің көмегімен меңгере бастайды. Осылайша олардың дамуына кең мүмкіндіктер ашылады.

Мектеп қабырғасында оқытылатын көп пәндердің ішінде оқушыларға терең, жан-жақты білім беруде әдебиеттің алатын орны өлшеусіз. Әдебиет адамды рухани биікке көтереді, жан дүниесін әсемдікке, ізгілікке, имандылыққа тәрбиелейді. Адамды асыл армандарға бастайды. Онда адамзаттың жақсы өмірге деген ұмтылысын, осы жолдағы күресін, елбасынан өткен саналуан оқиғаларды, халқымыздың ұлттық сипатын, бүгінгі аманымыздың тыныс-тіршілігін көркем әдебиетте бар тіршілік болмысымен көрсетеді. Оқырманның алдынан талай тағдырлар өтеді. Олардың әрқайсысы өзіндік тіршілігімен, қайталанбас мінезімен, өкініш-опығымен, қуаныш-қызығымен, тартысы мен көрінген. Көркем әдебиет ойынды сөз құдіретімен жеткізіп, оқушыларға өзінше әсер етеді. Балаларды адамгершілікке, еңбек қорлыққа тәрбиелеуде көркем шығармашылықтың маңызы зор. Көркем шығармалардағы кейіпкерлердің өмірі мен іс-әрекеті балалардың ой-өрісін дамытуға, мінез-құлқының қалыптасуына, дүние танымының кеңеюіне үлкен әсер етеді. Әсіресе, кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне қарай суретті кітаптарды, ертегілерді, аңыздарды, батырлар туралы шығармаларды оқығанды ұнатады. Басты кейіпкерлердің іс-әрекетіне еліктейді, тәтті қиялдарға бой алдырады, өзінше қорытынды жасауға тырысады.

Бұл сыныптағы оқушылар көбінесе оқу техникасына жаттығады. Әріптен сөз, сөзден сөйлем құрауға кіріскен бойда оқушыларды қоршаған дүние, жаратылыстар, табиғат сырлары туралы көбірек білуге, көркем шығармаларды оқуға, мұғалімнің әңгімесін мұқият тыңдауға, білмегенін сұрап алу белсенділігі басым болады. Мысалы, бастауыш сынып оқушыларына тәрбиелік мәні бар мақалалар, жекелеген еңбек түрлері, өлеңдер, әңгімелер, ертегілер, өлеңүлгілері, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер беріледі. Мұндай жағдайда көркем шығарма, оның түрлері мен жанры туралы мәлімет беруді міндеттеу дұрыс болмас еді.

Олар туралы алғашқы ұғым беруді бастауыш сынып бағдарламасы талап етеді. Бастауыш сыныптан бастап әдеби білім беру, әдебиеттің білімдік, өміртанығыштық қасиетін, оның тарихы мен бүгінгінің байланысын таныту әдебиет сабағының негізгі міндетіне айналды. Мектеп оқушыларына әдебиетті оқытудың бірінші кезеңінде мұғалімді ойландыратын сұрақтар туындайды, мысалы, 11 жасар

бала ұғымына көркем шығарманы қай тұрғыда танытқан жөн, әдеби шығарманы оқудан, оны мен жалпы таныстықтан талдаудың қандай айырмашылығы бар: көркем шығарманы талдау, әдеби теориялық ұғымды қалыптастыру қажеттілігінің сыры неде, әдеби білім мен шеберлік дағдыларының арасындағы қарым-қатынасты байланысты ұғындырудың тиімді жолы қайсы деген сұрақтар өзінен-өзі туындайды.

Әдебиет сабағының негізгі материалы – көркем шығарма. Көркем шығарманы талдау принципінде орта буын мен жоғары буында ұқсастық бар. Бірақ талдаудың әр буынының әр сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне және іскерлік және кәсіби дағдыларының сапасына байланысты өзіндік салмағы бар.

Ал енді оқушыларға әдеби білім берудің сол кезеңдерін, онда қалыптастырылатын іскерлік пен шеберлік дағдыларын байқап көрейік.

Сөз бен жұмыс істеу – сөздік қорын молайту, тіл көркемдігін, сөз өнерін меңгеру. Ал сөз өнері – әдебиет.

Оқушы көркем шығарманы оқу, талдау барысында жазушыны нәр сөзді шебер таңдап, қолдана білгенін көріп, анна тілінің жан-жақтылығын меңгереді. Мұндай жұмыстарға тереңірек үңілген сайын оқушылардың көркем әдебиетке деген құштарлығы арта түседі.

Бастауыш мектептегі оқу сабағы өте маңызды рөл атқарады. Бастауыш сыныпта олар қоғам және ондағы адамдар туралы, біздің сүйікті Отанымыздың ең бай, көркем және әсем табиғаты туралы, сондай-ақ жануарлар әлемі туралы деректерді анна тілінде оқып, зерттейді, өмірге қажетті саналуан дағдыларды меңгереді. Нәтижесінде оқушылардың болашақта жоғары мектепте жақсы білім алуға, белгілі бір мамандыққа деген құштарлығы артады.

Әдебиеттік оқу сабағы арқылы оқушының рухани дүниесі байиды, жай білім беріп қана қоймайды, ол өмірдегі ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен мейірімділікті нұр ығын себеді. Бұл пәннің әрбір сабағын – адам бойындағы асқақ арман, берік сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық сияқты ең мөлдір сенімдер мен адами қасиеттерге арналған сырласу сабағы десе де жарасады.

Қазақтың көрнекті қайраткері, көрнекті тіл маманы Ахмет Байтұрсынұлы: «Кішілік болмас үшін әр ұлт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін өзге тілді оқыта бастайды», – деген еді.

Бастауыш сынып оқушылары көптеген әдебиет жанрларымен көбінесе әдебиеттік оқу сабақтарында таныса алады. Сондықтан қазіргі заманға сай әрбір оқыту әдісін жетілдіре отырып, сабақтың сапасы мен тәрбиелік мәнін арттыру бағытында мұғалімге шығармашылық ізденіс қажет. Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуеті, іскерлігі жоғары. Қазіргі уақытта тынымсыз шығармашылық ізденіс қажет. Шығармашылық пен жұмыс жасауға талпынған мұғалімге мектеп бағдарламасындағы әдебиет пәнінің әрбір тақырыбын, әрбір көркем мәтінді ұлттық тәрбие мен өзектестіре оқытуға жол ашық. Сол себепті мәтін аясында көркем образдарды талдап тану арқылы оқушының өмірлік көзқарасын қалыптастыруға, дүние танымын дамытуға ықпал ететін әдебиетті коқу сабақтарында халықтық мұраларды оқыту барысында білімділік, дамытушылық мақсаттарға қоса, тәрбиелік сипатына баса назар аударылған абзал.

Бастауыш сынып оқушылары өте қарапайым сөйлейді және көмекші сұраққа жай сөйлемдермен немесе бір сөзбен ғана жауап береді. Сондықтан мұғалім бұл мәселеге ерекше көңіл бөлуі керек. Өңгімелеуді үйрету кезінде мыналарды ескеріңіз:

1. Қойылған сұраққа балалардың дұрыс, толық жауап беруі.
2. Мұғалім қолданған күрделі сөйлемдерді қайталапқызу.
3. Өздеріне сөйлемдер құрату.
4. Сөйлемге қажетті сөздерді ойлап тауып айтуға үйрету.
5. Сөз жасау, сөзге түрлі жалғау-жұрнақтар қосып айтуға үйрету.
6. Суретті көрсете отырып және суретсіз (белгілі оқиға) өңгіме құрату.

Оқылған шығарманың мазмұнын бір рет айту жеткіліксіз, оны бір-екі аптадан кейін қайталаған жөн. Алғашқыда шығармаға арналған суреттер бойынша, ал келесі сабақта оны өңгімелету керек.

Өңгімелесу сабақтарында бала өңгіменің мазмұнын бақылап, қандай сөздерді, сөйлемдерді қолданғанын қадағалау керек. Оның лексикалық қатесін түзетіп, сөйлеудің даму ерекшеліктеріне қарай дұрыс баяндауға бағыттау қажет.

Бастауыш мектеп оқушыларының есту қабілеті бір келкі жетілмейді, өсе келе дамиды. Олардың естуін дамытудың, тілін ширатудың бір жолы кітап оқу арқылы болмақ. Мұғалім баланың сөзді ұғу қабілетінде өңгіме кезінде белгілі бір мерзімге дейін сөзге зейін қоюында ескеруі қажет.

Мұғалім шығарманы өзінің қалай орындауына ғана көңіл бөліп балалардың зейінін назарынан тыс қалдырмауы керек. Егер балалардың көңілі алаңдай бастаса, дереу тәсілді өзгертіп, оқып жатқан затты немесе суретті көрсете отырып, балалардың назарын аудару керек. Өңгімені оқып жатқанда мұғалім балалардың алдында тұруы керек. Олар оқу кезінде естуден басқа, мұғалімнің бет пішінін, мимикасын, ым-ишарасын байқасын. Өрине, мимика, ым-ишара сөйлеу мәнеріне жатпайды, дегенмен, сөйлеген сөзге қосымша ажар береді, әртүрлі сезім күйін көрсетеді.

Мимика көркем сөз оқушының ой сезімі мен байланысты көрінетін бет құбылысы, әсіресе оны сөздің сырттай көрінісінің мәнері ретінде қолданады. Сөйтіп, ым-ишара өрнектің қосымша тәсілі болып

саналады, көркем орындаушы мұны орындау барысында оқиғаның мәнін көрсету үшін пайдаланады. Бірақ дұрыс емес жерде қимылдарды шамадан тыс пайдалануда нау лақ болу керек. Ең қажеттісі көркем сөз орындаушының суреттеліп отырған оқиғаға өз көз қарасын білдіретін көңіл күйін сездіретін психологиялық ишаратты жасау. Бұл мәтіннің екінші реет тік сырының ашылуына ықпал етеді, оны психологиялық үзіліс орнына қолдануға да болады, оның мақсаты айтылған ойдың мәнін көрсету, тыңдаушылардың назарын аудару, зерделі ойды жеткізу.

Мимикамен ым-ишара ауыз екі сөйлегенде әсерлі шығады. Шығарманы оқығаннан кейін балалардың алған әсерлері туралы әңгіме жүргізу – сабаққа қойылатын алаптардың негізгі бөлігі. Өйткені балалардың әңгімені ынта мен тыңдағанда алатын әсері ішінде сақталмайды. Олар әдетте әңгіме аяқталғаннан кейін өз ойларын айтатыны белгілі. Педагог балалардың ойын тыңдап, өз ойын қосады, қорытындылайды. Әңгіме не туралы айтылғанын балаларға нақтылап береді.

Мұғалім әңгімесінің ерекшелігі:

Бала есейген сайын оның білімі мен тәжірибесі арта бастайды, соған байланысты мұғалімнің әңгімесі мазмұны жағынан күрделене түседі. Әңгімелеу – шығармашылық жұмыс. Мұғалім жақсы әңгімеші болуы үшін бақылап, көріп, білімді болуы, сөйлеу мәдениетін меңгеруі қажет. Әңгімелесуде айналада болып жатқан өмірдің жаңалықтарын айту жеткіліксіз. Әңгімелеуші өз тыңдаушыларына эмоционалды әсер етуі керек. Әңгімедегі әрекетті әңгімені тыңдаушылардың назарын аударып, көңіл-күйін білдіретіндей етіп іздеу керек. Баяндаушы өзі хабарлаған нәрсеге өз көзқарасын сөзбен, сөз тіркесімен, интонациямен білдіреді. Баланың мән-мағынасына толы, тартымды әңгіме құру үшін жалпы мәдениетпен қатар мұғалімнің дүниетанымы кең, еңбекқорлығы, тапқырлығы болуы керек.

Балаларға әңгіме айтып беру.

Әңгіме айтпас бұрын балалардың назарын аудару керек. Оның бірнеше жолы бар. Ең алдымен, балалардың назарын олардың көргендеріне аударған жөн (мұғалімнің әңгімесіне ұқсас оқиғаны еске түсіріңіз). Содан кейін балалардың біліміне қарай (мұғалімнің әңгімесіне байланысты шағын әңгіме жүргізу) суретті немесе жеңіл кітап мұқабасын көрсету, әңгіме тақырыбын баяндау сияқты әрекеттерді орындауға болады. Әңгімелесу барысында мұғалім әлсін-әлсін әр балаға бір көз қиығын тастап отыруы керек. Сонда мұғалімнің олар мен тікелей қарым-қатынас жасап отырғаны сезіледі. Дегенмен, балалардың назарын өзіне аударып, оны соңына дейін ұстау үшін ертегі айтушының шеберлігі ең әсерлі құрал болмақ. Оған сәйкес тақырып таңдау, тартымды бейнелер жасау, қызықты сюжетті құру, хабарды қорытындылау, тілді тұтастай бейнелеу жатады. Әңгіме қандай болсада, ол тек бір мақсатты көздеу ікерек. Бұл жас өспірімдер үшін рухани тәрбие, балалардың ой-өрісін ояту, мейірімділік, адамгершілік, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Шығармашылық әңгіменің түрлері. Мұғалім балаларға әңгімелеудің бірнеше түрін қолданады. Оларға өмірде көргендерін (есте сақтағаны, бақылағаны) туралы әңгімелеу, көркем шығарманы түсіндіру, сурет туралы әңгімелеу, ұлы тұлғалардың өмір баяны мен танысу, көркем шығарманы мәтінге дайындау барысында қорытындылау, әңгімелеу жатады. Бөгде адамның атынан, қоғамдық ғылыми мақала негізінде құрастырылған хабарды айту, әңгімелеу. Мұның бәрі шығармашылық әңгіме. Өмірден көргендеріңіз (естеліктер, әсерлер) туралы сөйлесіңіз. Әңгіменің бұл түрі жеңілдетілген, өйткені оған сезіну, көру фактілері тікелей әсер етеді. Мұғалім бұл әңгіме түрінде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, тәрбиелік, маңыздысын ғана таңдайды.

Сөйлеуге үйретудің негізгі тәсілдерінің бірі – мұғалімнің жетекші сөздер арқылы балаларды әңгімеге тартуы. Оқылған шығарманың мазмұнын көрсетуді үйретуде мұғалім шығарманың мазмұнына сәйкес сұрақтар қоя білуі керек. Мұғалім балалар әңгімелеріндегі кейбір фактілерді толықтырып отыруы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. С.Рахметова «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». – Алматы: – 2005. – 52 б.
2. А.Т. Айтбаева «Педагогика». – Алматы: – 2012. – 85 б.
3. Б.Сманов. Қазақ әдебиеті (әдістемелік нұсқау). – Алматы: «Мектеп», 2003. – 12 б.
4. Т. Жұмажанов. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: «Білім», 2009. – 88 б.
5. «Оқыту-тәрбиелеу технологиясы» журналы. №8, 2009. – 8 б.